



8-СЫНЫП ГЕОМЕТРИЯ 16-сабақ тапсырмалары: Трапецияның ауданы

1-есеп. Трапеция табандарының орталарын қосатын кесінді оны екі теңшамалы бөлікке бөлетінін дәлелдендер (1-сурет).




1-сурет

2-есеп. Трапецияның орта сызығының ортасы арқылы өтетін және табандарын қиятын түзу осы трапецияның екі теңшамалы бөлікке бөлетінін дәлелдендер (2-сурет).




2-сурет

3-есеп. ABCD параллелограммамында Е нүктесі – CD қабырғасының ортасы (3-сурет) ADE үшбұрышының ауданы 6-ға тең. ABCE трапециясының ауданын табындар.




3-сурет

4-есеп. ABC үшбұрышында медианаларының қиылысуы М нүктесі арқылы оның қабырғаларына параллель кесінділер жүргізілген (сурет). Алынған үш трапецияның теңшамалы екенін дәлелдендер.




4-сурет

5-есеп. ABCD трапециясында Е нүктесі – AD бүйір қабырғасының ортасы (5-сурет). BCE үшбұрышының ауданы ABCD трапециясының ауданының жартысына тең болатынын дәлелдендер.




5-сурет

6-есеп. Боялған үшбұрыштың ауданы 3 см^2 болса, ABCD трапециясының ауданы неге тең болады (6-сурет)?




6-сурет

7-есеп. Диагональдары тік бұрыш жасап қиылысатын теңбүйірлі трапецияның ауданы оның биіктігінің квадратына тең екенін дәлелдендер.




7-сурет

8-есеп. ABCD трапециясында $S_2 = \frac{S_1 + S_3}{2}$ болатынын дәлелдендер (8-сурет).




8-сурет


9-есеп. Тең бүйірлі трапецияның табандары 24 см және 40 см, ал диагональдары өзара перпендикуляр. Трапецияның ауданын табыңдар.




10-есеп. Ауданы 594 м^2 болатын трапецияның биіктігі 22 м , ал табандарының айырмасы 6 м . Трапецияның табандарын табыңдар.




11-есеп. Әрбір трапецияда оның диагональдарымен және параллель емес екі қабырғасымен шектелген екі үшбұрыш өзара тең шамалы болатынын дәлелдендер.



12-есеп. Трапецияның параллель қабырғалары 60 см және 20 см , ал бүйір қабырғалары 13 см , 37 см . Трапецияның ауданын табыңдар.



13-есеп. Көршілес екі кіші қабырғалары 6 см -ден, ал үлкен бұрышы 135° болатын тік бұрышты трапецияның ауданын табыңдар.



14-есеп. Берілген тең бүйірлі трапециямен тең құрамды: 1) параллелограмм; 2) тік төртбұрыш салыңдар.